

DOI 10.54596/2958-0048-2023-1-145-151

ӨОЖ 821.512.122

FTAMA 17.09.91

ЕСЛӘМ ЗІКІБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Кокбас Ж.^{1*}, Алимбаев А. Е.²

^{1*}КЕАҚ «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті»
Петропавл, Қазақстан Республикасы

²А.К.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты
Астана, Қазақстан Республикасы

*E-mail: jazira_kokbas@mail.ru

Аңдатпа

Аталмыш мақалада белгілі журналист, ақын Есләм Зікібаевтың ақындық қызметі мен шығармашылығы туралы сөз болады. Қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасымен келген ақын поэзиясының поэтикалық ерекшелігі толық ашылып, тақырыптық-идеялық ерекшеліктері ашылады. Есләм ақынның ақындығының шоқтығы биік шығармалары туған жерге, Отанға арналады. Патриоттық тақырыпта жазылған өлеңдеріне тақырыптық талдау жасалып, көркемдік ерекшелігі анықталды. Ақындарының жанын сұлулық тербейтіні қак. Сол сұлулықты жырға қосып, өлең өлкесінде тербетпеген ақын кемде-кем. Есләм Зікібаевта таза махаббатты, сұлулықты, пәктікті жырлады. Оның жырларынан маржан төгілгендей әдемі теңеулер мен эпитеттер тізбектелік тұратын. Зерттеу барысында ақын өлеңдеріндегі көркемдік ерекшелікке де талданды.

Сонымен қатар ақынның әдеби мұрасындағы журналистік зерттеу мақалалары мен очерктеріне де талдау жасалды. Белгілі журналист, ақын, публицист Есләм Зікібаев шығармашылығы хақында айтылған сын-пікірлерді қортындылап, берілген бағаларға бағам жасалды.

Кілт сөздер. Ақын, поэзия, шығармашылық, поэтика, көркемдік, лирикалық қаһарман.

ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ЕСЛАМА ЗИКИБАЕВА

Кокбас Ж.^{1*}, Алимбаев А.Е.²

^{1*}НАО «Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева»
Петропавловск, Республика Казахстан

²Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова
Астана, Республика Казахстан

*E-mail: jazira_kokbas@mail.ru

Аннотация

В данной статье речь пойдет о поэтической деятельности и творчестве известного журналиста, поэта Еслама Зикибаева. В современной казахской поэзии полностью раскрывается поэтическая специфика поэзии поэта, проявляющаяся в ее своеобразии, раскрываются тематико-идейные особенности. Произведения поэта Еслама посвящены родной земле, Родине. Проведен тематический анализ стихотворений, написанных на патриотическую тематику, выявлена художественная специфика. Душу поэтов красота точно качает. Ведь не мало писателей которые явно отражали их в своих стихах. Еслам Зикибаев воспевал чистую любовь, красоту, целомудрие. В ходе исследования была проанализирована и художественная специфика стихотворений поэта.

Также был проведен анализ журналистских исследовательских статей и эссе в литературном наследии поэта. В работе известного журналиста, поэта, публициста Еслама Зикибаева были обобщены высказанные критические замечания и даны оценки.

Ключевые слова. Поэт, поэзия, творчество, поэтика, художественный, лирический герой.

YESLYAM ZIKIBAYEV'S LITERARY HERITAGE

Kokbas Zh.^{1*}, Alimbayev A. E²¹*Non-profit limited company "M. Kozybayev North Kazakhstan University"*
*Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan*²*A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Republic of Kazakhstan***E-mail: jazira_kokbas@mail.ru***Abstract**

This article will focus on the poetic activity and work of the famous journalist, poet Yeslam Zikibaev. In modern Kazakh poetry, the poetic specificity of the poet's poetry, manifested in its originality, is fully revealed, thematic and ideological features are revealed. The works of the poet Yeslam are dedicated to the native land, the Motherland. A thematic analysis of poems written on patriotic themes was carried out, artistic specificity was revealed. Beauty definitely shakes the soul of poets. After all, there are many writers who clearly reflect them in their poems. Yeslam Zikibaev sang of pure love, beauty, chastity. In the course of the study, the artistic specificity of the poet's poems was also analyzed.

An analysis of journalistic research articles and essays in the literary heritage of the poet was also carried out. In the work of the well-known journalist, poet, publicist Yeslam Zikibaev, the criticisms expressed were summarized and assessments were given.

Keywords: Poet, poetry, creativity, poetics, artistic, lyrical hero.

Кіріспе

Қазіргі қазақ поэзиясы күн өткен сайын деңгейінен әлдеқайда биіктеп, жан-жақты тамыр жайып, өсіп-өркендеді. Оның қазіргі тұрпатын бір ғана бояумен, жалғыз сипатпен айырып айтып беру қиын, өйткені, талантты ақындарымыздың қаламынан туған өлеңдерінің бағасы да, салмағы да әр алуан, күн спектріндей құбылып ойнап жатқан қыруар түсті құбылыстарды байқауға болады. Ең жақсысы – жақсы ақындарымыз біріне-бірі ұқсамайды. Жақсы ақындарымыз жырға арқау болған объектінің жалпылама сырт нышанын, нобайын қызықтап, оңай ұйкастарды тізбелеп кетуден бұл күнде арыла бастады. Объектінің ішкі қатпар-қыртыстарының эмоциялық, идеялық сыйпаттарына үніліп, байқап-түйгендерін шамасы келгенше бояуы қанық образ тілімен айтуға кәдімгідей шеберленіп қалған. Қазіргі қазақ поэзиясын оқығанда суретшілдік, бейнешілдік секілді ақынға ауадай қажет артықша қасиеттерді жиі байқаймыз. Ойшылдық пен бейнешілдік дәйім қоян-қолтық араласып, ұдайы табылып жатпаса да, бұрынғыдай екі айыр емес, ауылдас қона бастапты. Енді ойшыл ақындарымыз образ тілін, ал образшы ақындарымыз ой тілін игеріп, сүп-сүйкімді синтез құрап үлгерді. Бұлар ғана емес: ақындарымыз үлкен азаматтық тақырыптарды игерумен қабат, кәдімгі қарапайым тіршілікте жиі ұшырасатын, сырт қарағанда елеусіз, бірақ бәрібір жүрекке жүк түсіретін, күйіндіріп-суындыратын, қуандырып-уландыратын құбылыстарды да келістіріп жырлады. Бұған дәлел ретінде ақын Есләм Зікібаевтың поэзиясын атауға болады.

Ақын жыры – оның жан сыры, ішкі дүниесі. Ақын сол сырын қағаз бетіне өлең жолдарымен түсіреді, яғни сол өлең жолдары арқылы оқырмандарына ішкі жан сырын шертеді. Ақын ағамыздың өзі өмір сүрген ортаға, қоғамға деген көңілін, келешектен күтетін үмітін жазған өлеңдерінен аңғаруға болады.

Ақынның өлеңдерін оқыған сайын терең ойға батасың, сөзбен салынған суреттей бірінен соң бірі тізбектеліп, көз алдына елестейді.

Мінезі дара, ойы асқақ, көкірегі қымбат көмбедей елес беретін Есләм ағамыздың жырларының қайсысын алып оқысаң да өзінді терең иіріміне тартып, өлең құшағына қалай кіргенінді де сезбей қаласың.

Жан сезімді тебірететін жырларын қайта-қайта оқып шыққан сайын бір жаналық ашқандай сезінесің. Бұрын байқамаған бір сипатын, мінез-қырын танығандай боласың, көркемдік болмысына қанығасың, жаныңа нұр құйылып, қиялыңа қанат бітіп, шабыттанасың. Сөйтіп, Есләм өлеңдерінің әлеміне үңілген сайын әр өлеңін жаңа бір қырынан танығандай боласың. Ақын әлеміне тереңдей бересің.

Әдістеме және зерттеу әдістері

Есләм Зікібаев өлеңдерінің тақырыптық идеясын ашу барысында жинақтау, индукция, дедукция, структуралық талдау әдістері басты назарға алынып, өлеңдерінен мысалдар келтірілді.

Талқылау мен бақылау

Ақынның тілі шұрайлы, сөздік қоры мол болуы керек. Бұл – қалам иесіне қойылар бұлжымас талап. Тіл байлығы сөз өнеріндегі мазмұн байлығына әкеледі. Ал халыққа қажет шығарма – мазмұнды шығарма.

Ақынның тілі бай болуға тиіс дегенде: ол өзінің сөз қорын молайту үшін ылғи ғана тыңнан сөз жасасын деп ешкім де айтпайды және әрқашан олай ету мүмкін де емес. Ақын өзінің сөз қорын молықтыру үшін жалпы халықтық тілдің телегей-теңіз бай қазынасын, мүмкіндігінше, молырақ игеруі, оның қилы-қилы қиын әрі қызық құбылыстарын жете түсінуі, әр сөздің мәні мен мағынасындағы ұланғайыр өзгертулер мен өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылулар мен құлпыруларды дәл аңғара білуі қажет. Сонда ғана ақын «өзінің сөз қорын мейілінше байытып, әркім бір қолданып ығыр қылған арзан сөздерге жоламайтын болады».

Поэзия қуаты – сезім қуаты. Адам рухын асқақтатқан сол сезім құдіретінен поэзия жаратылады. Ол – ақылдан да, әлемдегі бар тіршіліктен де биік өзіне бас игізетін тылсым күш.

Өлеңді менсінбейтін «базбір білгіштердің» тағы бір мықты «дәлелі» бар. Олардың пікірінше, ғылым мен техника орасан өсіп, материалды игіліктер өндіру басты бағытқа айналған тұста, ақпарат атаулы көбейіп, ақыл-ойға ауыр жүк түскенде, әр сағаты санаулы күнделікті қарбалас тұрмыс-тіршілікте поэзияға орын қалмайды-мыс, жыл өткен сайын поэзия оқушыларының саны азайып кетеді-міс, бәрін сан, тираж тілімен өлшеп үйренгендер үшін расында да өлең оқушылары күн санап кеміп бара жатқандай көрінуі мүмкін. Бірақ, шын мәнісінде, өлеңсүйгіш қауым саны мезгіл өткен сайын азайып емес... қайта молайып келе жатқаны хақ, дейді Ә. Қоңыратбаев [1, 28 б.].

Сонда ғана ақын әр сөзді таңдап, талғап тауып, ойды анық, сезімді нәзік жеткізетін және тартымды суреттер жасай алады. Мұның өзі ақын тілінің үш түрлі ұтымдылығына – дәлдікке, ықшамдыққа, сұлулыққа – негізделуі шарт делінген [1, 47 б.].

Дәл осындай шарт Есләм ақынның поэзиясынан табылады. Бала шақтан болашаққа болжам арқылы тағдырдың талай тауқыметін көріп, соның ащы дәмін татып өскен ақын Есләм ерте ер жетеді. Оны мына өлең шумақтарынан аңғаруға болады:

Бір үйдің жалғыз қалған еркегімін,
Жараспайды бала боп еркелігім.

Алдымда – аға

Артымда – жеткіншек жоқ,

Ойдың да арманына ерте кірдім! [2, 15 б.]

Осыдан кейін жас ақын қолына қалам алып, қағаз ұстап өлең жазуды бастайды.

Талайды таңдандырған ақынның өлеңдерінің өзекті де өрелі тақырыбы Отанға, азаматтық, туған елге деген ыстық сүйіспеншілік.

Қаһар жауға қарысып,

Айдаһардай атылған.

Өлу мұнда ар үшін,

Мирас бопты батырдан [2, 32 б.].

немесе

Аға менен сезбейсің ауырлықты,

Соқтықсаң да күші артық жауға барып [2, 45 б.]

Осындай ерлік мұрагерлігін, дәстүр мирасқорлығын мадақтау ақынның әр өлеңінен көрініп отырады.

Иә, оның өмірлік мұраты – поэзия болатын. Қайда қызмет істесе де, ол өмірінің бірінші мақсаты етіп маржандай мөлдір жыр жазуды армандайтын, сол жолда сарыла ізденуден, инемен құдық қазғандай қадалып тек қана еңбектенуден жазбайтын, жаңылмайтын.

Қандай адам болсын, кіндік қаны тамған туған жерін алтын бесігі санайтыны, өмір бойы көкірегінің тереңінде қастерлеп сақтайтыны тіршіліктің айнымас қағидасы. Есләм да өзінің перзенттік парызын туған жеріне арнады. Алғашқы өлеңдер жинағын да туған жеріне лайықтап «Ақ қайындар» деп атады.

О, туған жер!

Менің байлық – арысым,

Арманымның шешек атқан гүлісің.

Өмірім де бір өзіңе өзектес,

Тіршілігім,

Қуанышым,

Тынысым! [2, 60 б.]

деп ақын алғашқы жинағының өзінде-ақ, ағынан жарылып, Есіл бойының тамаша табиғатын, Қызылжардың қасиетті топырағын өмір бойы жырлап өтетініне серт айтқандай еді. Ақын ол сертін орындады да» – деп толғаған Бақыт Мұстафин Есләм Зікібаевқа арналған естелігінде [3, 252 б.].

Е. Зікібаев тынбай еңбек ететін творчествоның адамы. «Ақ қайындар», (1975), «Аққу – арман» (1977), «Ақ қайнар» (1979), «Ақ сағым» (1982), «Құс ғұмыр» (1992), «Мен космонавт боламын» (1978), «Жыр – тағдырым» (2003), «Қас қағым сәт» (2004), «Арна» (2001) т.б. жинақтардың, оқулықтардың авторы. Осы бір өлең жырлары арқылы ақынды республика жұртшылығы таныды. Аталған кітаптарға әдеби сын да, жылы лебіз де білдіріп, Әбділдә Тәжібаев, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев сынды көрнекті ақындар ақынның сәтті қадамдарын қуана атап айтты.

Туған ел! Туған жер! Кімнің қиялын тербеп, кімнің көкірегіңде күй күмбірлетпедің, сен! Ақын табиғаты – бір басқа. Алыста жүріп ауылын аңсаған жан иесінің бәрі-бәрі сол сезімін жай жазса, оты өшіп, қызуы басылып қалардай, өлеңмен өріп жеткізуге талап қылары қак. Ал ақындық сезім жеке- дара сиқырлы дүние. Құпиясы мен сиқырлы күшке дес бермей келе жатқан ақындықтың албырт шағы. Есләмнің ұлы Мағжан ақын туралы және замандас ағалары Сырбай Мәуленовке, Мұзафар Әлімбаевқа, Балғабек Қыдырбекұлына арнаған жырлары мен мақалаларын оқырмандар жылы ілтипатпен қабылдады. Сәкен Жүнісов туралы да аз айтылмайды. Жүрек жарды лебіздерін білдіріп отырады. «Ағама да рахмет» атты эссе-толғаныс ақын Кәкімбек Салықов туралы сыр шертеді. Жұмыр жерді мекендеген қаншама адам болса, солардың әрқайсысы бір-біріне ұқсамайтын өзінше әлем. Әрқилы тағдырға байланысты жоғалтқан, іздеген адамдарды қолтаңба ізінен айқындап анықтап жатпай ма?

Сол айтқандай, «Менің Әуезовім» секілді өмірде де, өнерде де, өлеңде де, үйде де, түзде де, дос-жаран ортасында да көңіл айнамызға сәулесін түсірмеген менің де өз Кәкімбегім бар – деп толғанады, ақын. Бәлкім басқаларға ол бөлектеу көрінер, ол әркімнің өз танымы, өз тағылымы.

Сылқыл қаққан ақ бұлақтан байқадым,
Туған жердің қымбатын.
Сыбырласқан жас құрақтар айтады,
Айдын көлдің сымбатын.
Ерте сүйдім құзар шынның заңғарын,
Бұлттар көшін үзбеген.
Өзен сырын ағысынан аңғардым,
Теңіздерді іздеген [4, 141 б.].

Екінің бірі байқап, бағалай бермейтін көріністер. Ақынның жүрек көзі бар дейтініміз де осы шығар. Ғаламның ғаламаттарына ғашық көзбен қарап, сұлулықты іңкәр жүреппен жырлауы, нағыз ерке Есілдің жағасында өскен ерке ақынның айтар сөзі еді.

«Үй-орманыңмен, үрім-бұтағыңмен көркей», деп бата береді халқымыз. Ақын да осындай бата алған. Өмір бойы ыстығына күйіп, суығына тоңған – Рауза Бәкірқызы. Бір ұл, екі қыздың ардақты әкесі. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты әке. Жеңгеміз Рауза тәтей біраз жыл республикалық кітапханада қызмет істеп, қазір құрмет демалысында отыр. Ұлы Еркін республикалық «Ақиқат» журналында бөлім меңгерушісі және алқа мүшесі, әке жолын жалғастырған адуынды журналист. Үлкен қызы жоғары білімді зоотехник, екінші қызы Швейцарияда, Женевада қызмет істейді. Ұл – қыздарынан немере де сүйген.

Ақын болып ояну анадан екінші рет туғандай қара сөзбен айтып болмас ғажайып сезім тудырады. Жүрекке түскен тұңғыш шоктың мәңгі алауға айналуы ақынның нағыз бақыты. Есләм ағамыз да сол өз жүрегіндегі ақындық сәби алауды сөндіріп алмай, өрге ұмтылған тұлпардай өршелене түсіп, отты жырларымен ел жүрегінен орын алды.

Жаңбырдан кейін жарқ еткен кемпіркосақтың сан жетпес әшекейлі бояуларындай ақынның да қыры мен сыры сан алуан. Ақынның ерекшелігі соншалықты, қаламдас достары айрықша бағалаған. Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов былай дейді: Есләм ақынның ерекше үш қасиеті бар еді: адал, әділ және намыскер болатын.

Адалдығы сондай – біреудің жолда жатқан алтынына қол созбайтын.

Әділдіктің белгісі – өзіне зиян келсе де, ақ істі ардақтаудан танбайтын. Ал, намыскерлігі қандай десек – біреу жазықсыз жәбір көріп жатса, оны өзін қорлағандай көретін. Жәбір көрушіні қорғап, жиындарда жалынды сөз сөйлейтін, жәбірленушіні әшкерелеп, отты өлеңдер жазатын [5, 265 б.].

Халқының қалаулысына айналған ардақты ақын бойындағы осындай қасиеттері арқылы маржан жырдың майын тамызып, отты очерктер мен қиялға сыймайтын ғажап мақалалар жазды. Кезі келгенде сыннан да құр алақан қалмады.

Есләм өмірде кездесетін, етек алған жікшілдікке, бірлігімізге нұқсан келтіретін керітартпалыққа ашына, жирене қарайтынды, ретінде алқалы топ алдында, «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан», басылымдарында ашығынан шығып, бетке баса айтатын. Оның себебі, ауылдың қатал тағдырын көріп халқына араша түсу және басшылардың жалған мәліметпен есеп беруі жанын ауыртатын. Өмірден озар алдында «Егемендігі...» мақаласы осындай батыл, көкейкесті пікірге толы, кейінгілерге қалдырған нақыл – өсиет, мағынаға толы азаматтық айтысуы, ескерту батылдығы көрінеді де тұрады.

Арда ақын – жаратылысынан өзінің сезім дүниесінен туындаған лирик ақын. Бүкіл шығармашылығы ұстамды нәзік сырға толы, көбіне ақын алдымен өзімен бөлісіп, сонан соң өзім деген ортаға ашылатын секілді. Махаббат лирикасы ерекше нәзік. Ширек ғасыр отасқан жарына тіпті өзгермедің деп тандана, сүйсіне карап, тандана «Сағындың ба?» деген романс формасындағы элегиясын ерекше сазды әуенге бөледі. Ақынның өлеңдерін оқып отырып түйгенім, ақын өмірдегі әр құбылысқа «шыр-пыр» ететіні ерекше аңғарылады. Осындай халқының қамы үшін өміріне өлеңін азық еткен Есләм Зікібайұлының жарқын бейнесі ұрпақ есінде мәңгі сақталары сөзсіз. Жасынан жетімдіктің дәмін татып, соғыстың ащы суын ішкен ақын көптеген мақала, әңгімелер жазды. Бірде ақын өзінің өмірімен де, өлеңімен де егіз досы Бақыт Мұстафин туралы қысқа әңгіме жазады. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында Бақыт сияқты қаламгермен айнымас дос болғанын мақтан етеді.

Ол жылдар бойы тың өмірінен табан аудармай, сол жерде келе жатқандықтан да басқа әріптестерінен тың тынысын жақсырақ сезінетіндей. Аз уақыт «Лениншіл жас» газетінің меншікті тілшісі болып істегенін ескермесек, қырық жылға тарта ғұмырының бәрі дерлік облыстық «Ленин туының» табалдырығында өтті. Төменнен төріне дейін көтерілген бүгінгі аға журналистің, жазушының шығармашылық өмірі – көп жасқа өнеге, болары ақиқат. Мен білетін Бақыттың балаға деген мейірімі ерекше. Сәби сезімі, бүлдіршін жаны – оның ең осал тұсы. «Тәтті сәбізді» оқыған жан осыған айқын көз жеткізеді», – деп әзіл шыны аралас азамат дос туралы толғайды. Ақын Еслам Зікібаев «Кеудем толып барады, кеудем толып...», «Елдіктің отын маздатып...», «Артына айта жүрер сөз қалдырған» мақала, «Ағама да рахмет» эссе – толғаныс сияқты мақала жазып жұртшылықтың жүрегінен жол тауып отырды. Есләм Зікібаевты сөз еткенде тек ақындығын, жазушылығын, журналистігін ғана емес, сонымен қатар ақынның көптеген өлеңдерінің сөзіне музыка жазылған. Атап айтсақ: «Сағындым сәулешім», «Аяулым, арманымдай асылым ен», «Әнші сыры», «Жыл құсы», «Женеше», «Сағыныш», «Ғашығым ардағым», «Ұйқың, жаным, қанды ма?» т.б. Бұл әндерді бүгінгі таңда Қазақстанның халық әншілері Роза Бағланова, Зейнеп Қойшыбаева, Гүлнәр Сиқымбаева, Алтынай Жорабава сияқты асыл қыздарымыз орындап жүр. Қиялына канат бітіріп, көкке самғар қазақ әсем ән әуенімен биікке самғауды жақсы көреді. Осындай әсем ән құшағында тербелетін қазақтың бірі – Есләм Зікібаев. «Туған жер тағдырың» демекші, ақын өзінің өсіп-өнген жерін, туған елін жырлаудан жалықпаған ақын. «Өрнегім» әнінің сөзін жазды.

Сонымен бірге жастықтың бал дәмін татқан ағамыздан «Дариға жастық» өлеңі дүниеге келеді. Әнін жазған Бексұлтан Нұржекеев:

Балапан құстай қиялға,
Қанатын алғаш көрмеген.
Балауса шақта мен неге,
Мен неге сені көрмегем, – [4, 67 б.]

деп қатты өкінген қалпымен дариға дәуреннің өткенін айтады. Ақын жүрегінен бұдан басқа да көптеген ғажап туындылар әсем әуендер дүниеге келді.

Айтары мол, қаламы қарымды журналист артында «өзі өлсе де, сөзі өлмейтін» құнды дүниесін қалдырды. Есләм Зікібаев – негізінен ересектер ақыны. Бірақ оның жан-жүрегі балауса балдырғандарға елжіреп тұрады. Бір өлеңінде:

Бар жақсыны бойына үйіп-төгіп,
Бүлдірсе де бір затын қырық көріп,
Анам менің ұлыма шыбын жанын

Отырады күн сайын үзіп беріп, – [4, 70 б.] дейді.

Бұл – шындық. Мұнда баланың да қылығы, әкенің де қасиеті айқын. Ақын баланың танымымен де, ойымен де сөйлей алады. Ақындық абыройы жарық көрген кітаптар санымен емес, ондағы санаға салмақ салар сапалы, сәтті, тәтті өлеңдерімен өлшенетінін ескерер болсақ, Есләм – өзгеге ұқсамас өзі ұстанған жолы бар, тағдыры биік, текті ақын.

Қорытынды

Бар өмірін өлеңге арнап, халық үшін қас қағым сәтін сарп еткен Есләм Зікібайұлының жарқын бейнесі мәңгі бірге болсын деген мақсатпен ақынның туған Өрнек ауылындағы қазақ орта мектебіне ақын есімі де берілгеніне біраз жылдардың шамасы болды. Осылардың бәрінен кейін ағамызды ақындардың арғымағы деп айтуға әбден лайық деп таптық.

Кешегі Абай, Мағжан, Қасымдардың,
Артында қалған ұшқын жасыннанмын.

Сынығымын алмастай асылдардың,

Тұнығымын тұңғиық ғасырлардың, – [5, 145 б.]

деген ақын жыры арқылы мәңгі тұңғиық мұхиттай толқыған жыры халық жүрегінен мәңгілік орын алды.

XXI ғасырдың дәмін татқан екі ғасырдың куәсі болған ақын Есләм Зікібаев соңында талай туынды қалдырды. Ардақты ағалары Ғабит, Сәбиттерге де өзінің жылы лебізімен арнау жазды. Әкеден жас қалған, ащы мен тұщыны жақсы білетін ақын «Әке» туралы, «Ана» туралы да көп жазды. «Жарғақ құлағы жастыққа тимей» соғыс тақырыбында талай тебіренсе, жеңіс тақырыбынан да құр қала алмады, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігі берік болса, махаббатты да жырлаудан жалықпады. Қорыта айтқанда кез келген тақырыпқа қаламы жүйрік, ойы ұшқыр ақын. Сонымен қатар Зікібаев шығармашылығының өміршеңдігін айқын байқаймыз.

Әдебиет:

1. Қоңыратбаев Ө. Шеберлік сырлары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 354 б.
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1985. – 247 б.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 384 б.
4. Зікібаев Е. Жыр тағдырым. Өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естеліктер. – Алматы: Санат, 2003. – 372 б.
5. Зікібаев Е. Өмір – бәйге. Өлеңдер, толғаулар, поэмалар. – Астана: Фолиант, 2007. – 248 б.
6. Әділбекова Ж. Көркем шығармадағы шендестірудің лексикалық тәсілі // Қазақ тілі мен әдебиеті, №8, 2006, 31-35 б.
7. Зікібаев Е. Армандай ғұмыр. Өлеңдер мен толғаулар. – Алматы, 2006. – 320 б.
8. Зікібаев Е. Қас қағым сәт. – Алматы: Жазушы, 2004. – 247 б.

References:

1. Konyratbaev A. Secrets of mastery. - Almaty: Writer, 1989. – 354 b.
2. Akhmetov Z. The poem is the theory of words. - Almaty: School, 1985. – 247 b.
3. Dictionary of literary terms. - Almaty: Mother tongue, 1996. – 384 b.
4. Zikibaev E. It's my fate. Poems, thoughts, essays, memories. - Almaty: Sanat, 2003. – 372 b.
5. Zikibaev E. Life is a race. Poems, thoughts, poems. - Astana: Foliant, 2007. – 248 b.
6. Adilbekova Zh. The lexical method of balancing in a work of art // Kazakh language and literature, No. 8, 2006, 31-35 b.
7. Zikibaev E. A dream life. Poems and thoughts. – Almaty, 2006. – 320 b.
8. Zikibaev E. It's a good moment. - Almaty: Writer, 2004. – 247 b.